

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

ӘОЖ 950 «05»

Ж.Б.Қожабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы (E-mail: zere_2008@mail.ru)

Түрік қағанатының сыртқы саясатындағы Қытайдың алатын орны

Мақалада Түрік қағанатының Қытаймен қарым-қатынасының негізгі тұстары қарастырылған. Түрік қағанаты мен Қытай патшалықтары арасында экономикалық қарым-қатынастардағы соғды көпестерінің алатын орны талданды. Ұлы Жібек жолы бойы жүргізілген саудада соғды көпестерінің рөлі анықталды. Қытай территориясында табылған соғды көпесінің моласындағы түрік билеушілеріне қатысы бар ойма суреттер талданды. Түрік-қытай қарым-қатынасының қызығушылық тудыратын тұстарының бірі — әулеттік некелер, соның ішінде түрік билеушілеріне ұзатылған қытай ханшайымдарының Түрік қағанаты тарихында және керісінше қытай патшаларына ұзатылған түрік ханшайымдарының Қытай тарихында алатын орны жан-жақты зерттелді.

Кілтті сөздер: Аньцзя моласы, Ашина ханым, әулеттік некелер, қытай ханшайымдары, соғды көпестері, Түрік қағанаты, Ұлы Жібек жолы, Чжоу және Ци патшалықтары, Цяньцзинь ханша.

Түрік қағанаты мен Қытай елі арасындағы орнаған қарым-қатынас шеңбері өте кең әрі екі ел өмірінің барлық саласын қамтиды. Шекаралас орналасқан империялар саяси, дипломатиялық, сауда-экономикалық, әскери, мәдени салада өте тығыз байланыс орнатып, мемлекеттердің даму тарихына әсер ететіндей бір-біріне зор ықпалдарын тигізді. Біз мақаламызда осы сан салалы байланыстың қытай деректері мен соңғы археологиялық мәліметтері негізінде тек кейбір қырларына, түрік-қытай қарым-қатынасындағы соғды көпестерінің алатын орнына, әулеттік некелердің құрылуы және Түрік қағанатының көркею тұсында ел басқарған қағандардың қытай еліне қатысты ұстанған саясатына тоқталуды алдыға мақсат етіп қойдық.

Түріктер мен қытайлар арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынас деректерге сүйенсек, 530–40 жылдар шамасында шекаралас аймақтарда сауда-саттық жасаудан басталады [1; 120]. Сауда-саттықтың негізгі көзі жібек саудасы болды.

Екі ел арасындағы кең көлемді саяси-дипломатиялық, әсіресе сауда-экономикалық, әскери және құдандалық, тағы басқа байланыстардың бәрінде соғдылықтар елшілік, дәнекерлік рөл атқарды, түрік-қытай арасындағы керуен саудасын да соғдылықтар өз міндетіне алған. Соғды көпестері тек Қытаймен екі арада ғана емес, Түрік қағанатының Парсы және Византия империялары арасындағы саяси-дипломатиялық мәселелерде елшілік қызмет атқарды [2]. Түрік қағанаты жерінен өтетін Жібек жолы бойында сауда-саттық соғдылықтар арқылы жасалды [3]. Түріктердің қол астына Қытайдан Иранға дейін созылған, Оңтүстік және Солтүстік Сібірге баратын Ұлы Жібек жолы қарады. Осы территорияны бақылауда ұстаған мемлекет халықаралық сауданы да өз бақылауында ұстады. Тарихта осындай артықшылыққа тек ғұндар мен Түрік қағанаты ғана қол жеткізе алды [4]. Соғдылар осы жол арқылы сауда-саттық жасап, түрік ақсүйектерін асыл металдардан жасалған ыдыс-аяқпен, сәнді қару-жарақпен, ат әбзелдерімен қамтамасыз етіп отырған. Түрік қағандарының жеңісті соғыстарынан түскен олжаларын саудалады. Алтайда, Тувада, Монғолияда, Тянь-Шаньда жүргізілген қазба жұмыстары [5] барысында соғдылардың сауда қызметі нәтижесінде түріктерге жеткен күміс құмыралар, алтын мен күмістен жасалып, асыл тастармен әшекейленген бұйымдар, қола, алтын, күміс қапсырма әшекейлер, айылбастар, күміс жүзіктер, тас және шыны моншақтар табылған [6]. Түрік қағанатының қағандары Тумэнь, Істеми, Таспар және Мұқан халықаралық қатынастарда Ань-

Напанто, Маниах, Аньцзя (аталған соғды сартбауына төменде тоқталатын боламыз), Ань Суй-цзе, Ши-шихуси, Кан Су-ми, Ань Ту-хан сияқты соғдылардың қызметтерін пайдаланған [7].

Бұл тарихи құбылысты жазба деректермен қатар осы заманғы археологиялық зерттеулер де дәлелдеп отыр. Көшпелі өркениет пен отырықшы өркениеттің түйіскен жерлері болып саналатын Қазақстанның Жетісу өңірі, ҚХР-дың Оңтүстік Шыңжаң, Ганьсу, Нинся, Шаньси, Ішкі Монғол провинцияларының жерінен көптеген ортағасырлық соғды сауда колонияларының жұрттары, соғды сартбауларының (колония басшысы, керуенбасы) кесене молалары, соған қатысты қытайша, соғдыша эпиграфиялық жазбалар табылған [8; 26].

Осындай ескерткіштердің бірі 2000 жылы Қытайды ғана емес, бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндерген, Қытайдың ежелгі астанасы Чаньань, қазіргі Си-ань қаласының солтүстік іргесінен кездейсоқ табылған ірі қорым-зират. Қорым Солтүстік Чжоу (557-581 жж. тұтас Солтүстік Қытай мен Орталық Қытайдың бір бөлігін билеген ғұн тектес Юйвэнь әулеті құрған патшалық) патшалығының билік құрған тұсына дәл келеді. Ал Солтүстік Чжоу патшалығы осы жылдары құрылғанына аз ғана уақыт болған Түрік қағанатына жыл сайын алым-салық төлеп, түріктердің вассалына айналған болатын.

Қорымдағы он бес моланың біреуі соғды сауда колониясының сартбауы Аньцзянның моласы болып шықты. Марқұмның құрметіне арналған қытайша жазылған құлпытастан оның бұқаралық соғды және Тунчжоу аймағының (қазіргі Шаньси провинциясындағы Дали) сартбауы екендігі, 579 жылы қайтыс болғандығы анықталды. Мола осы күнге сол қалпы сақталып жеткен. Моланың тас тақтасының бетіне түгелдей барельефпен соғды колониясының ішкі-сыртқы өмір-тіршілігінің барлық саласы, түрік елшілерін қабылдауы рәсімдерінің көріністері, сартбаудың Түрік мемлекетінің ордасына сәлем бере барған кездегі салтанатты қабылдау рәсімдерінің көріністері және т.б. бейнеленген [8; 36]. Суреттер түрлі-түсті бояумен безендіріліп, кейбір тұстары жұқа алтын жапырақшалармен безендірілген. Аньцзяның моласындағы суреттер Қытайдың көне астанасының іргесіндегі соғды колониясы Түрік қағанатының билігінде және қадағалауында болғандығының айқын дәлелі. Ал Қытай патшалықтары сартбаулықты Түрік мемлекеті тарапынан сауда және дипломатиялық миссия ретінде қабылдады [8; 40,41].

Тас табыт қабырғаларында бейнеленген суреттердің түріктерге қатыстыларына қысқаша тоқтала өтсек. Тас табыттың алдыңғы қалтқысындағы алты бөлек тас ойманың біріншісінде соғды колониясы басшысының түрік қағанының ордасында қабылдауда болған сәті бейнеленген. Түрік билеушілері мен соғды колониясының өкілдер тобының бір жолғы ресми кездесуінің салтанатты да, думанды рәсімі өте тартымды, шынайы көрсетілген.

Ойма суреттің төртіншісінде қара сәйгүлікке мініп, нөкерлерін ерткен түріктердің қолбасшысы мен соғды колониясы сартбауы кездесіп, өзара сәлемдесіп тұрған сәті бейнеленген. Ойма суреттің төменгі жағында тағы да сол түрік қолбасы мен соғды сартбауының шатырдың ішінде қызу сұхбаттасып отырған сәті көрсетілген. Барельефтің бесіншісінде соғды сауда керуенінің Түрік ордасына соғып, қонақ болып жәрмеңке құрған сәті суреттелген. Ойма суреттің алтыншы бөлігінде соғды сартбауы Аньцзяның өз сарайында жыр-думан, сауық-сайран құрып, аса салтанатты жағдайда түрік ақсүйегін қабылдап, сый-қошемет көрсетіп, қонақасы беріп жатқан көріністері бедерленген. Сонымен қатар тас табытта түріктер мен соғдылардың бірге аң аулап жүрген көрінісі бейнеленген. Қытай археологтарының зерттеуі бойынша, бұл суреттегі кейіпкерлер түрік ақсүйектері мен соғдылар [8; 37–40]. Аньцзя моласының аса бай, салтанатты кешені осы күнге дейін Орталық Азия мен Қытайдан табылған соғдылық ескерткіштердің ішіндегі бірегейлерінің бірінен саналады. Тас табыттағы ойма суреттердің жалпы саны 101 бөліктен тұрады, мазмұны өте бай. Онда соғды колониясының сартбауы Аньцзяның көзі тірісіндегі тұтас өмірі мен қызметі, наным-сенімдері, тағы басқалары түгел қамтылып суреттелген.

Жетісу, Шығыс Түркістан, Орталық және Солтүстік Қытаймен Монғолияға дейін Түрік мемлекетінің иелігінде болған соғдылық сауда колониялары кең қанат жайып, Ұлы Жібек жолы бойында сауда-мәдени байланыстарды мейлінше жандандырып отырды. Ұлы Жібек жолы бойымен Қытай мен Шығыс Түркістанан батысқа жібек мен асыл бұйымдар жеткізілсе, шығысқа қарай заттар Орта Азия, Үндістан, Жерорта теңізі мен Шығыс Еуропадан әкелінді [9]. Түрік қағанаты иелігінде соғдылардың колониялар тұрғызып, сауда-саттықпен, колөнермен айналысуы түрік билеушілерінің рұқсатынсыз және қолдауынсыз мүмкін емес еді. Соғды колониялары Қытай мен Түрік қағанаты арасында сауда-экономикалық қатынастарда түріктер тарапынан делдал қызметін атқарып, Түрік

қағанатының қолдауы мен қамқорлығына ие болды. Солардың бірі болған сартбау Аньцзя иелігіндегі Тунжоу аймағындағы соғды колониясы [8; 41].

Түрік-қытай қарым-қатынасының қызықты тұстарының бірі — әулеттік некелер. Түрік қағандары әр кезде қытай патшалықтарынан қалыңдық алып отырған. Бұл әулеттік некелердің өзіндік бірнеше себептері бар. Әулеттік некелер екі ел арасында достық-одақтық қарым-қатынас орнату үшін, әсіресе Түрік қағанатының құрылу тұсында, Түрік қағанаты күшейіп қытайларға қауіп төндірген тұста қытайлардың түріктерге қыз беріп орнаған бейбіт қарым-қатынастарын одан ары жалғастыру мақсатында, ал қытайдың біртұтас Суй патшалығы құрамында бірігіп, түріктердің ішкі жанжалдан әлсіреген тұсында түріктердің «күйеу бала ретінде кішірейіп, қытайлардың қайың ата ретінде қамқорлық таныту» [1; 75] мақсатында жасалып отырған.

Түрік қағанаты тарихында ең алғашқы әулеттік неке түрік қағаны Тумэнь қағаннан басталады. Қытай деректеріне сүйенсек, түріктер жужандарды жеңу үшін Батыс Вэй патшалығының қолдауына ие болуға тырысады. Екі жақ арасында елшілік қарым-қатынастың негізі 545 жылы түріктерге қытай тарапынан соғды елшісі Ань-Напанто келуімен басталды. Қытай елшісінің келуі қытайлардың сол уақытта түріктерді одақ құруға лайықты күш деп тапқандығын білдіреді [10]. Елшіліктің сәтті аяқталғанының дәлелі ретінде келесі жылы Тумэнь өз елшісін сый-сияпатпен қытайларға жібереді. Батыс Вэй патшасы мен Тумэнь арасында орнаған дипломатиялық қарым-қатынас екі жаққа да тиімді болды. Күшейіп келе жатқан солтүстік көшпелі тайпалармен достық қарым-қатынас қытайларға бақталас Ци патшалығына қарсы артықшылық берсе, түріктер жужандарды жеңу үшін өзіне одақтас іздеді. Осы уақытта Қытайдың Орта жазық аймағы мен солтүстігінде Лян (502–557 жж.), Солтүстік Ци (550–577 жж.), Батыс Вэй (535–557 жж.) патшалықтары өмір сүрген [11; 69].

Екі ел арасында орнаған одақтық қарым-қатынас әулеттік некемен бекітіледі. 551 жылы Вэй әулетінің ханшайымы Чанле Тумэньге ұзатылады [1; 121]. Вэй әулеті мен түрік елі арасындағы әулеттік неке түріктерге қытайлар тарыпанан әскери және саяси қолдауға ие болуға мүмкіндік берді [12]. Түріктердің жужандарға қарсы бас көтермей тұрып Батыс Вэй патшалығы мен жужандардың билеушілері де одақтық қарым-қатынас орнатып, бұл одақты әулеттік некемен бекіткен. Қытай патшасы Вэнь-ди жужан қағанының қызын әйелдікке алып, оның бауырына өз әулетінің ханшайымын береді [13; 117]. VI ғасырдың ортасында әулеттік некелер достық және әскери одақ құруда маңызын одан ары арттырады. Дегенмен, телелерді бағындырғаннан кейін Тумэнь жужан қағанына қыз айттырып жаушы салған кезде, ашуланған жужан елбасшысы Анахуань Тумэньге елші жіберіп, «сен менің темірші құлым бола тұрып олай сөйлеуге қалай батылың барды?» деп жауап береді [1; 121]. Өзіне бағынышты елдің көсеміне қыз беруге жужан қағаны намыстанады. Алайда жужан қағаны бас көтеріп келе жатқан түрік елінің күш-қуатын, Вэй патшасына қарағанда, уақытында есептей алмады. 552 жылы [1; 130] Тумэнь жужандарды жеңгеннен кейін жужандардың бір бөлігі қытайларға қарай, бір бөлігі батысқа [14] қарай ығысады.

Қытай ханшайымдары түрік дәстүріне сай әмеңгерлікке де бағынған. 580 жылы Таспар қағанға ұзатылған Цяньцзинь ханшайымды, қағанның өлімінен кейін Ышбара қаған әмеңгерлікпен алады [11; 74]. Қытай ханшайымдарының Түрік қағанатының тарихында немесе мәдениетінде айтарлықтай рөл ойнағандары жайлы деректерде мардымды мәліметтер кездеспейді. Тіпті қытай ханшайымдарымен әулеттік некеден туған балалар Түрік мемлекетінің жоғарғы басқару әкімшілігіне де жолатылмаған [13; 119]. Қытай деректерінде қаған мен қытай ханшайымының ұлы таққа отырғандығы жайлы бір ғана оқиға аталып өтіледі [15]. Сонда да қытай ханшайымдарының ықпалы жайлы бірең-сараң деректерді мысалға келтіре кеткен жөн.

Суй патшалығы Чжоу патшалығын алмастырғаннан кейін (581 ж.), Юйвэнь әулетінен шыққан, Шаболуе (Ышбара, Таспар қағаннан кейін 581 жылы таққа отырады) қағанның әйелі, Цяньцзинь ханша өз әулетінің жойылып кеткеніне қатты қайғырады. Суй патшалығынан кек алу ниетінде Шаболуе Суй патшалығына айдап салып отырған. «Сөйтіп туцзюеңнің бүкіл елі Суймен жауласып, 400 000 жасақ жиналды... Вувэй, Тяньшуй, Аньдин, Цзиньчэн, Шаньцзюнь, Хунхуа және Яньань қатарлы жерлерді ешқандай мал қалдырмай тонап алды» [1; 69–70]. Ышбара қағанның Суй жеріне тек ханшайым үшін кек қайтару мақсатында жасамағандығы анық, бұл жорықтың өзіндік саяси себептері де болды. Алайда Цяньцзинь ханшаның да себепкер болғанын да жоққа шығара алмаймыз.

Цяньцзинь ханша Ышбара қаған тұсында Түрік қағанаты мен Суй патшалығы арасындағы қарым-қатынаста өз орнын қалдыра алды. Ханша Суй патшалығы құрған Ян әулетінің бұрынғы иесі, Солтүстік Чжоу патшасы әулетінен шыққандықтан, Суй патшасына хат жолдап, өзін патшаның бір баласы ретінде қабылдауды өтінген. Суй патшасы Цяньцзинь ханшайымды өз әулетіне қабылдап,

Таспар қаған қайтыс болғаннан кейінгі қағанаттағы таққа таласты Ышбара қағанды қолдау арқылы түріктердегі алауыздықты өршітуді ұйғарып, 584 жылы [16] қағанатқа жарлығымен бірге елші жібереді. Ышбара қаған науқастан тұра алмайтындығын айтып, елшіні отырған күйінде «Әкем және немере ағаларымнан бері біз біреуге тіземізді бүгіп сәлем беріп көрмедік» [1; 74–75] деген сөздермен қабылдайды. Қытай елшісі қағанның әрекетін сөгетін сөздер айта бастағанда Цяньцзинь ханша елшіге ақырын ғана «қаған қасқыр мінездес, өзімен көп таласқан адамды талап тастайды» [1; 75] дейді. Сонда елшінің «Түрік қағаны мен Суй патшасы екеуі де ұлы елдің билеушілері, сондықтан қаған сіз тұрғыңыз келмесе, сізге ешкім олай істемеңіз деп айта алмайды. Дегенмен, қатұныңыз патшаның қызы болғандықтан, қаған сіз Ұлы Суй патшасының күйеу баласы боласыз, олай болса сіз неліктен қайын атаңызды құрметтемейсіз?» деген уәжіне қаған күліп «қайын атаға тағзым ету керек, мен мынаның сөзіне көндім» [1; 102] деп, патша жарлығына қарап тағзым ету рәсімін өткізеді. 581 жылға дейін әулеттік некелер Қытайдың Солтүстік Чжоу және Ци патшалықтарының түрік қағандарының қолдауына ие болу үшін құрылса, осы кезеңнен бастап қытай-түрік қарым-қатынасының сипаты өзгеріп, ресми түрде «күйеу баланың бағынып, қайын атаның қамқорлық көрсету» сипатына ие болады.

Қытай ханшайымдарының түрік мәдениетіне тигізген ықпалы жайлы сөз қозғаудың өзі дәйексіз. Соған қарамастан, ханшайымдар түрік жерінде өздерінің жеке басына қатысты тұстарда өз елінің дәстүрлерін ұстануға тырысқандығы жайлы археологиялық деректер бірлі-екілі мәліметтер қалдырды.

XX ғасырдың 50-жылдары ҚХР ШҰАР-дың Іле Қазақ автономиялы облысында түрік қағанының тас мүсіні табылады. Мүсінделген тұлға басында тәж киген кейіпте сомдалған және мүсіннің етегінен табанына дейін таңбаланған соғдыша эпитафия ғалымдардың қызуғышылығын арттырды. Тек 90-жылдары ғана қытай-жапон ғалымдары бірлесе тас мүсінді зерттеп, нәтижелерін жариялайды. Эпитафиядағы жазбаны оқу барысында бұл тас мүсін Мұқан қағанның немересі (553–572 жж. Түрік мемлекетінің қағаны) Нири қағанға арналғандығы белгілі болды [8; 31–35].

Осы тас мүсін жайлы біз назар аударатын мәселе 2002 жылы жарияланды. Осы жылы тас мүсіннің төңірегінде қазба жұмыстары жүргізіліп, мүсіннің жанынан қыш ыдыстардың сынықтары мен кесек кірпіш пішінді және науа пішінді жабынқыш сынықтары табылып, олар сараптауға жіберілген. Сараптау нәтижесінде жабынқыштар Суй-Тан дәуірінің (V–IX ғғ.) өнімдері екені анықталды. Ал Нири қағанның әйелі Сян текті қытай қызы болғандығын ескерсек, тас мүсіннің жанында Нири қағанның құрметіне арнап салынған қытай үлгісіндегі кесене-зират немесе ғибадатхана болған деп жорамалданады [8; 35]. Яғни, бұл жаңалық, біздің жоғарыда атап өткен ойымызды дәлелдей түседі.

Түрік елі мен қытай патшалықтары арасындағы әулеттік некелер тек бір жақты, қытай ханшайымдарын алумен ғана шектелген жоқ. Қытай патшалықтары түрік билеуші әулеттерінен қалыңдық алуға да мүдделі болып, ынталарын білдірген. Тіпті Чжоу және Ци патшалықтары тұсында екі ел патшалары түріктердің ханшайымдарына құда түсу үшін жарысып, қағанға қалың малдарын бірінен бірі асырып ұсынған. Бұл оқиға жайлы қытай деректерінде келесі мәліметтер келтіріледі. «Ол кезде Чжоу әулеті Ци патшалығымен жауласып, араларындағы соғыс ұзақ жылдар толастамаған. Осыған байланысты Чжоу әулеті үнемі туцзюелермен одақтасып, оларды сыртқы көмек күші ретінде пайдаланған... Мұқан қаған өзінің қызын Гаозуға (543–578 жж. билік құрған Солтүстік Чжоу патшасы [1; 145]) атастыруға келісімін береді. Алайда екі ел арасындағы некелік бекімей жатып, Ци патшалығы да оның қызына құда түсіп, елші жібереді» [1; 124–125]. Ци патшасының Мұқан қағанға ұсынған қалыңы Чжоу патшасының қалыңынан асып тұрғандықтан, Мұқан қаған бастапқыда қызын Гаозуға ұзатудан айнып қалады. Біздің пікірімізше, Мұқан қағанның бұл әрекеті тек қалың малға қызығушылық қана емес, сонымен қатар Чжоу мен Ци арасындағы бақталастық отына май құйып, жағдайды одан ары өршітудің бір амалы. Чжоу патшалығы тарапынан келген Ян Цзянь мен Ван Цин елшілерінің көндірулерінен кейін Мұқан қағанның қызы Вэй патшасына ұзатылады. Осы әлеуеттік некенің негізінде Чжоу мен Түрік қағанаты арасында Ци патшалығына қарсы әскери одақ құрылады.

Мұқан қағанның Гаозуға ұзатылған қызы Ашина ханым деген атпен қытай тарихында қалады. Ашина ханымды әкелуге елшілермен бірге «әртүрлі бұйымдары мен жылжымалы орда, сарайда патша ханымына қызмет көрсететін әр түрлі лауазымды 120 адам [1; 148]» бірге барып, «ханымды сән салтанатпен әкеледі... 568 жылы ханым келіп жеткенде, Гаозу патша өзі алдынан шығып, қарсы алу рәсімін өткізеді. Ханым өнді, жүріс-тұрысы да сыпайы, Гаозу патша оны қатты құрметтейді [1;

147–148]». «Вудидің Ашина ханымының өмірбаянында» түрік қағаны қызының 32 жасында қайтыс болып, Сяолинге жерленгені айтылады.

Мұқан қағанның билік құрған жылдары (553–572 жж.) Түрік мемлекетінің ең бір көркейіп, әскери күш-қуатының шарықтау тұсына дәл келгендіктен, Солтүстік Чжоу және Солтүстік Ци патшалықтары түріктердің әскери қимылдарынан қорқып, түріктердің вассалдарына айналады. Түріктерді өз жақтарына тарту үшін жыл сайын алым-салықтарын аямай, қаған әулетінен шыққан қыздарға құда түсуге бар күштерін салған.

552 жылы құрылған Түрік мемлекеті бірнеше жылдың ішінде Орталық Азияның барлық көшпелі тайпаларын бағындырып, батыста өз шекарасын Қара теңізге дейін жеткізеді. Түрік қағанатының батыстағы билеушісі Істеми қаған халықаралық сахнада Византия және Иран империяларымен тең дәрежелі байланыс орнатып, түріктерді әлемдік империялар мойындаған мемлекетке айналдырса, шығыс бөлікте Мұқан қаған қытай патшалықтары сескенетін күшке айналады. Саяси және әскери қуаты күшейген Түрік мемлекеті қытайларға қатысты саясатын өзгерте бастайды. Тумэнь қаған тұсында түріктер мен Вэй патшалығы одақтық-достық қарым-қатынас орнатса, Мұқан қаған тұсында арадағы қарым-қатынастың сипаты өзгереді. Ендігі жерде қытай-түрік қарым-қатынасы түріктерден гөрі қытайларға қажеттірек әрі тиімдірек болды. Ци патшалығы мен Вэй патшалығы бір-бірін жеңу үшін әр түрлі жолдармен түрік қағандарының қолдауына ие болуға ұмтылды. Қытай тарапы түріктердің қолдауына мүдделі болғандықтан жыл сайын алым-салық төлеп тұруға қуана келіседі. Түрік қағандары Мұқан қаған мен оның мұрагері Таспар қаған бірде Вэй әулетін, бірде Ци әулетін қолдау арқылы қытай жерінде екі патшалықтың бір-бірімен жауласып отыруына барынша жағдай жасауға тырысты [1; 127]. «Бөліп ал да, билей бер» саясаты арқылы патшалықтардың бірі-бірінен күшеймеуін қадағалап, қытайдан өзіне төнетін қауіпті сейілтіп отыруды көздеді.

Мұқан қаған қайтыс болғаннан кейін (572 ж.) таққа отырған інісі Таспар қаған тұсында да қытай патшалықтары түріктермен «құдандастық қарым-қатынас орнатып, жыл сайын оларға жүз мың орам торғын-торқа беріп тұрды. Патшалық астанада тұратын туцзюелер де аса құрметпен күтімге алынды, кигендері әсем киім, жегендері ет болды, мұндайлардың саны әрқашан мыңдап саналатын» [1; 126]. Қытайдан келіп тұратын жібектің көптігі сонша, түріктер өздерінен артылған жібекті соғдылар арқылы сатып отырған [17]. Вэй әулеті тек түріктерге алым-салық төлеумен ғана шектелмеді, өз астанасында тұрған түріктерді де бағып-асырауды өз мойнына алған. Вэй патшалығы сияқты Ци патшалығы да Мұқан қаған тұсындағыдай «туцзюелер шауып-тонап кетпесін деп өз қазыналарын сарқып, соларды бағып келді» [1; 126]. Ци және Вэй патшалықтары тарапынан келіп тұратын сый-сыяпат пен алым-салық көлемін нақты айту қиын болғанымен, деректерге сүйенсек, олардың көлемі Түрік қағанатының қазынасын әжептәуір толтырғанын көруге болады. Оған Таспар қағанның «тек менің оңтүстіктегі осы екі ұлым опалы болып, маған адал болса болғаны, олар барда мен еш нәрседен тапшылық көрмеймін [1; 126]» деген сөзі дәлел бола алады.

Түрік қағандарының қолдауына ие болу қытай патшалықтары үшін өте ауырға соқты. Олар тек бір-бірінен басым болуды ғана көздеген жоқ, сонымен қатар күшейген түріктерден келетін қауіптің де алдын алуға тырысты. Түріктерге қытай патшалықтарын жаулап алғаннан түсетін пайданан гөрі патшалықтардан келетін алым-салықтың пайдасы артығырақ болды деп болжауға болады. Вэй және Ци патшалықтарының Түрік қағандарынан қолдауына ие болуға деген талпыныстарының себептерін және Түрік мемлекетіне төлеген алым-салықтардың қытай еліне қаншалықты ауыр тигендігін Суй патшасының жарлығынан анық байқауға болады: «Чжоу мен Ци өзара қырқысып, қытай жерін бөлшектеп алған... Чжоулықтар өздерінің шығысындағы циліктердің туцзюелермен тығыз байланыс орнатып қоюынан қауіптенсе, циліктер де дәл солай чжоулықтардың туцзюелермен өте жақсы қарым-қатынаста болып кетуіне алаңдады... сөйтіп олар елдерінің күш-қуатын туцзюелермен қарым-қатынас орнатуға сарқып, қазына байлықтарын шөл далаға шашып құртты. Шын мәнінде қытай жері азапқа түсті [1; 70]».

577 жылы Ци патшалығын бағындырады. Ци патшалығының Фэнян бегі Гао Шао 3 мыңнан астам адаммен Таспар қағанға барып көмек сұрайды. Таспар қағанның көмегімен өзін Ци патшалығының қуғындағы патшасымын деп жариялайды. Чжоу патшалығының жеке дара күйшейіп кетуін қаламаған Таспар қағанға, Чжоу патшалығының күш-қуатын тежеп тұратын Ци патшалығы әлі қажет болатын. Сонымен, қатар екі жақты тең ұстау арқылы, олардан келіп тұратын байлықты да сақтап қалуды көздеді. Гао Шаогиге қол беріп, Чжоу патшалығына қарсы аттандырады. Бірақ бұл жорық сәтсіз аяқталады [11; 74]. Осы жорықтың сәтсіз аяқталып, Чжоу патшалығының күшеюі Түрік қағанаты тарихына ықпалын тигізген ірі саяси оқиғалардың бірі болды.

581 жылы Чжоу патшалығында таза қытай нәсілінен шыққан Ян Цзян саяси төңкеріс ұйымдастырып, патшалықтың атын Суй патшалығы деп өзгертеді [11; 75]. Түрік қағандары мен қытай арасындағы қарым-қатынас осы уақыттан бастап өзгереді. Қытайды біріктірген Суй патшалығы түріктерге салық төлеуден бас тартады. Қытай патшасы Түрік қағанаты ішінде осы уақытта өрши түскен таққа талас пен алауыздықты өз мүдделеріне пайдаланып, түрік елін өз ішінде әлсіретіп барып бағындыруды сыртқы саясаттарының негізгі мақсаты деп қарастырады. 30 жылдай уақыт бойы Түрік қағандарына вассалдық қызмет атқарған Қытай, ендігі кезекті Түрік қағанатын өзінің вассалына айналдыру жолдарын іздестіреді.

Қытай-түрік қарым-қатынасы бастапқы сатыда сауда-саттық жасау сипатына ие болды. Екі ел арасындағы сауда-саттық жүргізуде ортаазиялық соғды көпестерінің орны ерекше болды. Соғды көпестері сауда мәселесінде делдалдық қызмет атқарып, Жібек жолы бойымен өтетін сауда керуендеріне басшылық жасады. Қытай территориясында Түрік қағандарына бағынған соғды колониялары көптеп тұрғызылды. Соғды көпестері тек сауда-саттықпен ғана шектеліп қалмай, түріктер мен ортағасырлық империялар арасында елшілік миссияларын да атқарды.

Түрік қағанаты мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың қызықты тұстарының бірі әулеттік некелер. Әулеттік некелер екі ел арасында саяси одақ құрудың бірден бір тәсілі болды. Тумән қағаннан бастап түрік қағандары қытай ханшайымдарымен некелесіп, мемлекеттің күшеюіне дейін қытай тарапынан қолдауға ие болып отырған. Түрік мемлекеті алып империяға айналып, қытай патшалықтарының вассалдық дәрежеге түскен кезінде де басқарушы әулеттер арасында әулеттік неке құру үдерісі тоқтамаған. Тек ендігі жерде қытай әулеттері Түрік қағандары әулеттірен қыз алуға ұмтылған. Түрік қағандарына ұзатылған қытай ханшайымдары түрік елінің тарихына ықпалын тигізетін маңызды роль ойнамаса да, ханшайымдармен байланысты бірлі-екілі оқиғалар қытай және археологиялық деректерде өз іздерін қалдырды.

Мұқан қаған мен Таспар қаған тұсында қытайдың Солтүстік Чжоу және Солтүстік Ци патшалықтары бір-бірімен жауласу барысында түрік қағандарының қолдауына ие болу мақсатымен түріктерге жыл сайын алым-салықтарын төлеп, вассалдық дәрежеде болған. Деректерге негізінде қытайлардың түріктерге төлеп тұрған алым-салықтарының көлемі әжептәуір болғандығын айта аламыз.

References

- 1 *Chinese sources on the history of Kazakhstan*. Vol. IV: Dynasty record, 2-part, Almaty: Dyke Press, 2006, 408 p.
- 2 *The history of Menander the Guardsman: introductory essay, text translation and historiographical notes by Blockley R.C.*, Liverpool: Francis Cairns, 1985, P. 111.
- 3 Kyzlasov L.R. *Cultural links Turks and Iranians in the VI–XIII centuries* (Language, writing, religion) // *Ethnographic Review*, 2004, № 6, p. 3,4.
- 4 Ganiev R.T. *Eastern Turkic Khaganate in South Siberia and Central Asia in the second half of the VI – the first half of the century VIII* / Abstract for the degree of candidate of historical sciences, Yekaterinburg, 2006, p. 11.
- 5 Savinov D.G. *Ancient tribes in the mirror Archaeology* / S.G.Klyashtorny, D.G.Savinov. Ancient Eurasian Steppe Empire, St.Petersburg: St. Petersburg State University Faculty of Philology, 2005, p. 203–209.
- 6 Hudyakov Y.S. *Iranian-Turkish cultural symbiosis in Central Asia* // *Problems politogenesis of Kyrgyz statehood: Documents*. Research. Materials, Bishkek, 2003, p. 134–139.
- 7 Atakhodzhaev A.M. *Turkic-Sogdian relations in the political, socio-economic and ethno-cultural processes in the early Middle Ages* / Abstract for the degree of Doctor of Historical Sciences, Tashkent, 2011, P. 10.
- 8 *Chinese sources on the history of Kazakhstan*, II vol., Almaty: Dyke Press, 2005, 80 p.
- 9 Hudyakov Y.S., Tabaldiyev K.S. *Ancient Turks in the Tien Shan*, Novosibirsk: Publishing institute of Archaeology and Ethnography of the Russian Academy of Sciences, 2009, p. 144.
- 10 Hudyakov Y. *Role of military affairs of Western and Eastern Turks in the history of wars and military art of the nomadic peoples of Central Asia* // *Turkic heritage Eurasia VI–VIII centuries*, Astana: KULTEGIN, 2008, p. 225.
- 11 Қайыркен Т.З. *Chinese inscriptions on ancient Turkic monuments*, Oskemen: Advertising Digest, 2008, 334 p.
- 12 Hudyakov Y.S. *Diplomatic history of the nomads of Central Asia*, Novosibirsk: State University Press, 2003, p. 93.
- 13 Zhumaganbetov T.S. *Old Turkic Khaganate: Development of the State VI–VIII centuries*, Almaty: ANPP, 2006, 291 p.
- 14 Zhumagulov K.T. *On the history of Avarians* // *Proceedings of the republican scientific-theoretical conference*, Karaganda, 2009, p. 221–226; Kyzlasov L.R. *The first Turk Empire and its significance for Eastern Europe* // *Tatar archeology*, 1997, № 1, p. 23–30.
- 15 Bichurin N.J. *Collection of information about the people who lived in ancient times in Central Asia*, Moscow-Leningrad: USSR Academy of Sciences, 1950, Vol. 1, p. 280.

16 Gumilev L.N. *The great division among the first Turkic Khaganate in the light of the Byzantine sources* // Byzantine Herald, 1961, T. XX, p. 75–89.

17 Gumilev L.N. *The strife of the eighties in the VI century in Turkic Khaganate* // Reports on the ethnography. The Geographical Society of the USSR, Leningrad, 1965, p. 66–69.

Ж.Б.Қожабекова

Роль Китая во внешней политике Тюркского каганата

В статье рассмотрены основные стороны взаимоотношений Тюркского каганата с Китаем, в частности, роль согдийских купцов в их экономических взаимоотношениях, торговая деятельность согдийских купцов по Великому Шелковому пути. Подробно описаны цели династийных союзов между каганатом и китайскими царствами. На основании китайских источников определена роль китайских принцесс в истории Тюркского каганата, а также судьбы принцесс из рода Ашина при дворе китайских правителей.

Zh.B.Kozhabekova

China's role in the foreign policy of the Turkic Khaganate

The article considers the main aspects of relationships China with Turkic Khaganate. Particularly, the role of the Sogdian merchants in the economic relations between China and Turkic Khaganate, trading activity of Sogdian merchants on the Silk Road. Describes in detail the purpose of dynastic alliances between the Khaganate and Chinese kingdoms. Based on Chinese sources defines the role of the Chinese princess in the history of Turkic Khaganate, and the fate of the Ashina princesses in the court of Chinese rulers.

УДК 323

К.К.Нуркенов

Национальная школа государственной политики Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана (E-mail: kaira_nk@mail.ru)

Особенности имиджа политического лидера в мультикультурных государствах

На примере США и Германии

В статье изучены особенности формирования имиджа политических деятелей современности в мультикультурных государствах — Барака Обамы и Ангелы Меркель в контексте политического и этнокультурного многообразия. Рассмотрены основные характеристики и политические факторы, оказывающие влияние на процесс формирования имиджа политиков.

Ключевые слова: имидж, политический лидер, мультикультурализм, визуальное измерение имиджа политика, гендерный аспект политического лидерства.

Особенности имиджа политического лидера в мультикультурных государствах мы постарались рассмотреть через изучение имиджа политических лидеров современности: Президента США Барака Обамы и Канцлера Германии Ангелы Меркель.

Почему были выбраны именно эти лидеры? Они имеют особенности, которые выделяют их из числа предшественников. Барак Обама является первым темнокожим Президентом США, Ангела Меркель — первая женщина-канцлер в истории Германии. Вместе с тем у них есть и общее — они являются руководителями развитых в экономическом отношении государств, а также поликультурных и полиэтнических [1–16].